

2021 жылдың 14-сәуірі «Дүниежүзілік авиация және ғарышкерлер» күніне орай «Өнеркәсіптік көлік» кафедрасының PhD докторы, Адилова Н.Д. «ҚарТУ Әскери кафедрасымен» ОТАН бағдарламасы шеңберінде бірігіп ұйымдастырған «Тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров» тақырыбында ашық кураторлық сағат өткізілді.

1961 жылы 12-сәуірде тарихта тұңғыш рет адам баласы «Восток-1» ғарыш кемесімен ғарышқа ұшып, Жер планетасының айналасында орбиталық ұшуды жасады. Содан бері бүкіл әлемнен бес жүзден астам адам ғарышқа барды. Олардың арасында Қазақстанның үш өкілі бар. Олар: ұшқыш-ғарышкерлер, өз елдерінің ұлттық қаһармандары Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетов. Олардың әрқайсысының ғарыштағы өз мақсат-міндеттері болды.

«Жастардың арманға ұмтылып, жердегі тірлікке маталмай армандауға қабілетті болғаны жөн. Аспанға жиі қарау керек. Аспан тыныштандырады және шабыттандырады. Жалпы алғанда, әр адамның өз ғарыш әлемі бар. Оның ашылуы үшін күнделікті күйбең тірліктен сытылып шыға білу керек. Ұлы арман ғана адамға қанат бітіреді. Мен барлық қазақстандықтарға арманмен өмір сүріп, қанатын кеңге жаюды тілеймін» - деген екен Тоқтар Әубәкіров.

Ашық кураторлық сағатқа «Әскери кафедраның» подполковнигі Манабеков М.Б., рухани-адамгершілік тәрбиесі жөніндегі кеңестің өкілі «КТжәнеЛЖ» каф. аға оқытушысы Шалаев В.В., ӨК каф. меңгерушісі Аскараров Б.Ш., ЖКФ деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Оспанғалиева М.Т., ӨК каф. аға кураторы Атькен Е., аға оқытушы Абдығалиева С.Ж., оқытушы Бейсембаев Д.М. және ОП-18-2 тобының студенттері (14 студент) қатысты.

